

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**

6B02206 – Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының

**Ескерткіштану және музейтанудағы ақпараттық технологиялар»
пәнінен**

СОӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі:

Баудиярова Құралай Батырбекқызы
Bkb79@mail.ru
87075680470

Алматы, 2025 ж.

СӨЖ 1. Отандық музейлердегі ақпараттық технологияның даму тарихы: негізгі кезеңдері

Мақсаты: Қазақстан музейлеріндегі ақпараттық технологиялардың қалыптасу тарихын, кезеңдерін және олардың ерекшеліктерін анықтау.
Өткізу түрі: Талдау жасау + презентация (PowerPoint немесе Canva).
Әдістемелік нұсқау: Студент отандық музейлердің ресми сайттары мен ғылыми мақалалардан ақпарат жинап, тарихи кезеңдерге бөлінген инфографикалық кесте құрастырады.

СӨОЖ 1: Берілген СӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (студенттер өзара топтық пікірталас ұйымдастырады, постер арқылы негізгі қорытындыны ұсынады).

СӨЖ 2. Музей экспозициясындағы ақпараттық технологиялардың орны мен рөлі

Мақсаты: Ақпараттық технологиялардың заманауи музей экспозицияларындағы қолданылуын және олардың көрерменге әсерін бағалау.
Өткізу түрі: Презентация + интерактивті талдау (мысалы, виртуалды тур жасау құралдары).
Әдістемелік нұсқау: Студент бір нақты музей экспозициясын таңдап, онда қолданылатын ақпараттық технологияларды сипаттап, олардың экспозиция мазмұнын жеткізудегі рөлін талдайды.

СӨОЖ 2: Берілген СӨЖ 2 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (топтық талқылауда әр студент өз музей мысалын таныстырады, соңында бірлескен «best practices» тізімі жасалады).

СӨЖ 3. Электронды мақалалар және технологиялық мультимедия

Мақсаты: Электрондық ресурстарды, мультимедиялық құралдарды және олардың музей ісіндегі ғылыми-көмекші рөлін талдау.
Өткізу түрі: Презентация + шағын бейнеролик (2–3 минуттық).
Әдістемелік нұсқау: Студент заманауи электронды мақалалар базасынан (мысалы, eLIBRARY, JSTOR) мультимедиялық технологияларға қатысты ғылыми материал таңдап, оны музей практикасына байланыстырады. Презентацияға қоса шағын бейнеролик немесе подкаст жазып, негізгі идеяларды креативті түрде жеткізеді.

СӨОЖ 3: Берілген СӨЖ 3 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (студенттер бір-бірінің бейнероликтері мен подкасттарын көріп/тыңдап, пікір білдіреді).

СӨЖ 4. Интернеттегі электрондық жарияланымдар

Мақсаты: Музей ісіне қатысты интернеттегі ғылыми-библиографиялық жарияланымдардың мазмұны мен рөлін анықтау.
Өткізу түрі: Презентация + электронды деректерге шолу.
Әдістемелік нұсқау: Студент халықаралық деректер базасынан (JSTOR, Springer, eLibrary, Scopus) музейдегі ақпараттық технологияға қатысты мақалаларды таңдап, мазмұнын қысқаша шолып, негізгі трендтерді көрсетеді. Презентацияны дереккөздерге сілтеме жасай отырып дайындау қажет.

СӨОЖ 4: Берілген СӨЖ 4 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (топтық пікірталас, «ең пайдалы дереккөзі» бойынша дауыс беру).

СӨЖ 5. Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі музейлер: әлеуметтік желілердің әлеуеті

Мақсаты: Әлеуметтік желілерді (Instagram, Facebook, TikTok, YouTube) музей ісінде қолданудың мүмкіндіктерін талдау.
Өткізу түрі: Презентация + әлеуметтік желіге шағын пост немесе инфографика үлгісін әзірлеу.
Әдістемелік нұсқау: Студент бір музейді таңдап, оның әлеуметтік желідегі белсенділігін зерттеп, мысалдар келтіреді. Қорытындысында өз «музейлік әлеуметтік пост» үлгісін жасап көрсетеді.

СӨОЖ 5: Берілген СӨЖ 5 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (студенттер бір-бірінің посттарын талқылап, тиімді стратегияны анықтайды).

СӨЖ 6. Музей және әлеуметтік медиа. Музей және әлеуметтік желі

Мақсаты: Музейлердің әлеуметтік медиадағы стратегиялық рөлін, қоғаммен байланыс орнатудағы мүмкіндіктерін талдау.
Өткізу түрі: Интерактивті презентация + подкаст немесе бейнеролик.
Әдістемелік нұсқау: Студенттер музейдің әлеуметтік медиадағы аккаунтын таңдап, оның аудиториямен байланысу тәсілдерін зерттейді. Қорытындыда 3–5 минуттық подкаст немесе бейнеролик дайындайды (мысалы: «Менің музейім әлеуметтік желіде»).

СӨОЖ 6: Берілген СӨЖ 6 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру (топтық пікірталас форматында «музейлік әлеуметтік медиа стратегиясының үздік үлгісі» анықталады).